

ӘОЖ 908

ШИЛІ АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ

А. Қонарбаева

3 курс география мамандығының
студенті

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институты.

Исенов Ө.И.

т.ғ.к., доцент.

Аннотация

Авторлар мақалада Қостанай облысының Наурызым ауданына қарасты Шилі ауылының әлеуметтік-экономикалық тарихын және ауылдың бүгінгі келбетін қарастырады. Ауыл – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Қазақ халқының «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақалы ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Даланы қоныс еткен көшпелілер үшін табиғатпен үйлесімді тіршілік ету жеткіліксіз еді. Олардың әлеуметтік ортасы да адамға қолайлы болуы қажет. Шилі ауылының әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеу, Отан тарихын зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі.

Аннотация

Авторы статьи рассмотрели социально-экономическую историю и внешний вид села Шили, Нaurzumского района, Костанайской области, а также сельское хозяйство, традиционного казахского общества в течение длительного времени. Особое внимание уделено этнической, экономической и духовной значимости деревни казахов, "единство общественной жизни в деревне, в нижней его части". Простого образа жизни кочевников, которые преимущественно перемещались по степи, было недостаточно для того чтобы жить в гармонии с природой. Нужны были такие условия жизни, которые были бы наиболее приемлемыми для адаптации в социальной среде. Социально-экономическое изучение истории села Шили, является одним из самых важных вопросов в изучении местной истории.

Abstract

The authors of the article, the region of Kostanai region Naurzum Shili consider the social and economic history of the village and the village's appearance. Agriculture - the traditional Kazakh society in the community for a long time. Kazakh population, "the bottom of the bottom of the unity of the

community life in the village," saying ethnic, economic and spiritual importance of the village. Steppe nomads who move was not enough to live in harmony with nature. They need to be acceptable to the social environment. Shili socio-economic study of the history of the village, one of the most important issues in the study of local history.

Түйінді сөздер: Ауыл, облыс, ауыл шаруашылығы, тарихы, дамуы.

Ключевые слова: аул, область, сельское хозяйство, история, развитие.

Keywords: village, region, agriculture, history, development.

Кіріспе.

Ауыл – ата-бабамыздың өмірге келіп, кіндік қаны тамған, маңдай тері төгілген киелі ата мекені. Ананың әлдиі, аяулы алақаны қандай қымбат болса, ауыл соның негізгі ұясы.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Сұлу сөз өрнектеген ақын, ән тербеген сазгер, қызыл тілді шешен, ел қорғаған батыр қарапайым ауылдың қара шаңырағынан шыққан. Біз үшін, туған ауылдың тарихын білу қымбат қазына. Ауыл – сол жерде өмір сүрген барша халықтың шежіресін жазып беретін мәңгілік кітабы. Өзінің туған жерін жан жүрегімен сүйіп, сырын ұғып өскен ұрпақ ұлттық болмысын сақтай алады деп ойлаймыз. Қазақтың мұз балақ ақыны Мұқағали Мақатаев:

Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,

Бұдан артық рахат табылмайды, – деп туған жерге деген ыстық сезімін жырға қосқан болатын. Міне осындай туған жерге деген ыстық ықыласымыз ауылымыздың тарихы жайлы жазуымызға түрткі болды. Жалпы аудан мұрағатында Шилі ауылының атауының шығу тарихына қатысты деректер жоқ болып шықты. Наурызым ауданына қарасты Шилі ауылының жергілікті тұрғыны Асипов Бауыржан Қонарбайұлының (1964 жылы туылған) берген мәліметтері бойынша Шилі ауылы Наурызым ауданының орталығынан 220 - шақырым жерде орналасқан [1, 591 б.]. Бауыржан Қонарбайұлының айтқан мәліметтері бойынша ауылдың аталу себебі «Ши» деген қамысқа ұқсас өсімдік ауылдың төңірегінде өте көп өскен. Шиді өріп үйді, қораны көтеріп үстінен балшықпен сылаған. Сондықтан ауыл атауы Шилі атанған [2] деседі.

Материалдар мен әдістер.

Ауыл – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Қазақ халқының «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақалы ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Даланы қоныс еткен көшпелілер үшін табиғатпен үйлесімді тіршілік ету жеткіліксіз еді. Олардың әлеуметтік ортасы да адамға қолайлы болуы қажет болатын. Бұл қажеттілік жеті аталық үрдіс деп аталатын қоғамдық құрылымды тудырды. Дәстүрлі қазақ ауылы бір атадан тараған (аздаған кірме, қоңсыларды қоспағанда) ру мүшелерінен тұрды. Ауыл ішінде негізінен некелік қатынастарға тыйым салынған. Жеті аталық үрдіс дегеніміз экзогамиялық некенің ең қатты сақталатын түріне жатады. Фольклордағы ғашықтар Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр осы дәстүрді бұзғаны үшін өлім жазасына кесілген. Мұны басқа мәдениеттер тұрғысынан қатыгездік деп те бағалауға болады. Алайда, рулық экзогамияның жағымды жақтары да айқын. Осындай некелік қатынастар аралары жүздеген-мыңдаған шақырым ауылдарды бір-біріне жақындатты, туысқан етті. «Құда – мың жылдық» деген ұғым осыдан пайда болған. Қазақ тілінде диалектілердің жоқтығы да осыдан. Ауылдар арасындағы ынтымақтастықтың артуы этностық тұтастықты нығайтып, бүкіл ұлт адамдарын бір әулет сияқты туыстастырды («Қарға тамырлы қазақ»). Ауылдың әлеуметтік құрылымына келсек, онда батыстық тұрғыдан қаралып жүрген тап, тап күресі, феодал, шаруа, қанау тәрізді ұғымдардың мәнсіздігін аңғарамыз. Біріншіден, рулық-ауылдық қоғамда отырықшы мәдениеттердегідей жерге деген жеке меншік дамымаған. Ол рудың меншігі болып есептелген. Бай ауылдастардың малы да бүкіл ауыл мүшелерінің игілігі ретінде табыс көзіне айналған. Тіпті, басқа ауылдан түскен қалыңдық та бүкіл ауылдың келіні болып есептелген [3].

Талқылау.

Ауылда дәулетті бай кісілер өздерінің рулас туыстарын жақындарын қастарына жинаған, солай көп ауыл болған. Қасындағы ауылдармен қарым-қатынас жасап, қыз беріп, қыз алысып құда-жегжат болған. Осылай Шилі ауылы жиіембет руының мекеніне айналған. Оның маңайында Құмжота деген жерде Сүгір руы мекендеген, Жаркөл ауылында Көтібақ руының мекені болған «Атадан мал қалғанша тал қалсын» дегендей, ауылдың зәулім теректері, ақ қайындары, талдарға қарағанда көз сүйсінтеді. Ал жерге қарасаң тоғай маңында өскен бүлдіргеннің көп түрін көресің әсіресе кішкентай қой бүлдіргендер көп кездеседі. Құмжота Жаркөлде кәдімгі бүлдіргендер сай маңында бұлақтарға жақын жерлерде өседі. Бұлақтар саны қырыққа жуық. Көзі ашылмаған қайнар бұлақтарды да кездестіруге болады. Бұлақ суы сапалы, сапасы «Tassay» суынан кем емес шипалы тұщы. Ауылға келген қонақтар міндетті түрде бұлақ суын өздерімен бірге алып кетіп жатады. Көктемде жол бойы өскен әр түрлі қызғалдақтар бірнеше шақырымға созылып жатады. Шилі жерінің шөбі шүйгін малға жайлы, өрісі кең. Өзендер мен көлдерде балықтың бірнеше түрі бар. Көктем кезінде құс базары басталады. Наурызым қорығының көлдері ауылға жақын болғандықтан құстар күндіз ауыл егінінің ортасында жайылып, кеш түсе көлге қайтады. Олардың ішінде аққу, тырна, қоңыр қаз, қараша қаз, үйректің бірнеше түрі бар. Күзде аңшылар обылысымыздың түпкір түпкірінен, көрші Ақтөбе облысынан тіпті Ресейден де аңшылар құс аулауға келіп жатады [2].

Шилі ауылының байырғы тұрғындарының айтуларына, өткен ғасырдың 20-30 жылдары Шилі ауылының тұрғындары да қиын қыстау кезеңді бастарынан өткізген. 1930 жылдары Шилі, Құмжота, Жаркөл ауылдары өз алдарына жеке ұжымшар болып егін егіп, мал бағып кеңестік үкіметтің қойған жоспарларын орындаған. 1937-1938 жылдардағы репрессия кезеңінің азабын Шилі ауылының тұрғындары да көрген. Ауылдың көптеген білімді оқыған, көкірек көзі ашық колхоз басқармалары, ауыл мұғалімдері «халық жауы» деген айыппен сотталып, Сібірге жер аударылған. Кері қайтып оралғандары болмаған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы басталғанда ауылдың кәмелеттік жасқа толған ер азаматтарының бәрін әскер қатарына шақырып майданға аттандырған. Ауылда қалған қарттар мен әйелдер, балалар «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» деген ұранмен аянбай еңбек еткен. Шилі ауылынан майданға аттанған соғыс ардагерлерінен аман-есен елге оралғандары: Сауқымбай Ағыбаев, Есенғали Ақылбеков, Досмағамбет Арыстанов, Қонарбай Асипов [4, 2, 78 б], Бәжікей Бекетаев, Ғарыпжан Бекмұхамбетов, Қараубек Бимелдин, Есенғали Бисенов, Жанайдар Біржанов, Қайырбек Есімтаев, Нәдіржан Жолдыбаев, Нұрахмет Исмұханбетов, Кептануш Евгений, Нұраш Кұлыншақов, Қойбағар Мергенбаев, Зия Мұхаметов, Болмақ Мыржакупов, Ахметжан Омаров, Петров Леонид, Кәмен Садыков, Мұсағали Сыздықов, Мария Топорова, Марғаждар Төлеужанов, Хитев Василий, Шевченко Петр [4]. Бір үйден кеткен ағайындардан бірінің де соғыстан оралмағандары да бар. 2011 жылы ауылда Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға ескерткіш қойылды.

1954-1958 жылдары тың игеру кезінде ауылдардың өмірі өзгеріп, Ресей, Украина, Беларусь, Молдовиядан көптеген «тың игерушілер» келе бастайды. Содан 1961 жылы үш колхозды біріктіріп орталығы Шилі ауылы болады. Кейін Шилі ауылы «Первая Семилетка» деген кеңестік шаруашылыққа айналады. Кеңшардың 500-ден астам отбасынан тұратын 3 бөлімшесі болған. Кеңшардың 18-24 мың гектар егістік жері, 10 мың гектар шабындық тоғайы бар аймақтың бір шеті Шолақсай ауылы, Қожа ауылы, Наурызым қорығы шектесіп жатқан. Орташа деңгейдегі кеңестік шаруашылық болып есептелген ауылдың шаруашылығында екі мыңнан астам ірі қара мал, 28 мыңға жуық қой болған. Ауылдан жазғы балалар дем алатын пионер лагері ашылған [2].

Кеңестік шаруашылық құлдырап ел нарыққа көшер тұста, Шилі ауылы да әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешті. Пысықай «кәсіпкерлер» алаяқтық жасап, ауылдың шаруашылығын талан-таражға салған. Ауыл тұрғындарының көпшілігі жұмыссыз болғандықтан, күн көріс қамымен кәсіп іздеп ауылдан көшіп кетті.

Жаңа ғасырдың басында Шилі ауылын «Иволга Холдинг» ЖШС-тігі қарауына алып егін егіп, ауылдың тірлігіне жан біте бастады. Бүгінде ауылда 130-ға жуық отбасы тұрады. Ауыл тұрғындарына қызмет көрсететін наубайхана, шатхана, аралас тауарлар сататын дүкен бар. 2013 жылы «Қызғалдақ» балабақшасы ашылды. Болашақта «Иволга Холдинг» серіктестігінің Шилі ауылында 1200 бас мүйізді ірі қара мал ұстайтын ферма ашу жоспарлары бар. Нарықтық экономиканың бастапқы тұсында ауылдың шабындық тоғайлы көп жерлері Сарымойын, Әлекбай, Таңатбай, Кеңшарық, Жаркөл, Қарасу жерлері Наурызым қорығына аударылды. Наурызым қорығы ЮНЕСКО тізіміне енгізілді.

Шилі ауылынан шыққан белгілі азаматтарымыз бар. Олар есімі обылысқа белгілі азаматтар: Әбенев Арман Тарғынұлы (01.10.1970 ж.) Шилі ауылында туып өскен. Шилі орта мектебін бітіріп, Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын бітірген. Бүгінде Қостанай облыстық әкімшілігінде жұмыс істейді. Жаукин Айдар Кәкімбекұлы (11 07 1971 ж.) Шилі ауылында туып өскен қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Қарулы күштер саласындағы бас штабында әскери қызметте. Кирик Сергей Витальевич «Енисей» Краснояр агрошаруашылығының бас директорының орынбасары. Исмухамбетов Әділбек Әбілқайырұлы «Қазақстан темір жолы» басқармасының төрағасының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары. Сыздықов Рақымжан Сәкенұлы «Болашақ» бағдарламасымен Түркиядан оқу бітіріп, қазіргі кезде сыртқы істер министрілігінде жұмыс істеуде [2].

Шилі ауылының әлеуметтік-демографиялық келбетінің дамуына келсек, еліміздің жағдайы дұрысталып экономикасы дамып келе жатқан кезде, Шилі ауылы да бір шама көркейіп келе жатыр. Жаңа жұмыс орындары ашылып жеке шаруа қожалықтары мал ұстап жағдайларын дұрыстап жатыр. Қазіргі кезде Шилі ауылында орта мектеп, 25 орындық балабақша, кітапхана, қонақ үй, наубайхана және намазхана бар. Алдағы уақытта ойынсауық клубын ашу жоспары бар [2].

Шилі ауылының тумасы Асипов Дінмұхамбет Қонарбайұлы әкім болып сайланды. Дінмұхамбет Қонарбайұлы осы уақытқа дейін қызметін абыроймен атқарып келеді. Ауыл тұрғындары әкімнің қызметіне разы.

Жергілікті тұрғындар әулие деп таныған әжеміз Жолшарақызы Қоянаққа 2010 жылы ас беріліп, ескерткіш ашылды. Әжеміз ерекше қасиетті адам болған деседі.

2012 жылы Ұлы Отан соғысынан оралмаған майдангерлерге арналған мәрмәр тастан ескерткіш қойылды.

Біздің ауылдың Құмжота деген жері мен аудан орталығы Қараменді ауылының арасында 36 шақырым жерді құрайтын ойпатты жер, осы екі орта Наурызым қорығына кіреді, Шилі ауылы Сарыарқа платформасына жатса, Қараменді ауданы Үстірт платформасына жатады, ауылдың қарттарының айтуы бойынша осы екі ортаны «Торғай қақпасы», – деп атайды. Бұл ойпат Каспий теңізінен бастап, Ресейдегі Батыс Сібір ойпатына дейін созылады. Осы жерден үнемі жел соғып тұрады.

4. Қорытынды.

Қорыта келе айтпағымыз, **Біріншіден**, ауылдағы қырға желдің күшінен тоқ алатын электр құбырғысын орнатса, арзан электр қуатын алуға болады; **Екіншіден**, бұл қоршаған ортаға зиян келтірмейді, таза ауаны сақтар еді; **Үшіншіден**, шағын кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында ауыл адамдарына жаңа жұмыс орындарын ашса, мәселен, Шиелі бұлағының суын халық игілігіне айналдыратын қаржы салатын кәсіпкерлер болса, ауыл тұрғындарына жұмыс орындары ашылар еді.

Еліміз егемендік алып тәуелсіздік салтанат құрған заманда ауылымыз көркейіп, гүлденеді деп сенеміз. Үкіметіміз ауылды көркейтуге, жұмыс орындарын ашуға көптеп көңіл бөліп келеді. Тек ауылым деп атқамінер азаматтар көп болса, ауылдың балашағы зор болады.

Ауыл болашағы бүгінгі білімді ұрпақ қолында. Келешекке үлкен сеніммен көз тастасақ біздің ауылымыз сәулеті асқан, дәулеті тасыған берекелі құт мекен болады деп сенеміз.

Әдебиет тізімі

Топонимика. Энциклопедический справочник. Т. 58. – Алматы: ТОО «Аруна Lid», 2010. – 816 с.

Шилі ауылының байырғы тұрғыны Асипов Бауыржан Қонарбайұлының берген мәліметтері бойынша.

Электрондық ресурс. Ауыл. 20. 10. 2015 жылы алынды.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%83%D1%8B%D0%BB>

Олар жеңіспен оралғандар. Т. 14, 1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысының 65-жылдығына арналған. Ескерткіш кітабы. – Қостанай. – 2010. – 385 бет.